Бекітемін:
«Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі
«Нұр» баабақшасының» директоры
Космагамбетова Ш.Т

Педагогикалық әдеп кеңесінің жоспары
2024-2025 оқу жылы

№	Мазмұны	Мерзімі	Өткізу түрі
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1отырысы Күн тәртібінде 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту 2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті 3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті	Қыркүйек	Дөңгелек үстел
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы . Күн тәртібінде 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	Желтоқсан	Дөңгелек үстел
3	«Құқықтық сауаттылық – заман талабы»	Қаңтар	Дөңгелек үстел
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы. Күн тәртібінде 1. Педагогтардың құқықтары 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары 3. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау	Сәуір	Дөңгелек үстел

Балабақшада педагогикалық әдеп №1 хаттамасы

2024-2025 оқу жылы

Күні: 18.09.2024.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика ж/е кеңесті құру туралы ережені қарау ж/е бекіту
2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

1-ші сұрақ бойынша балабақша директоры сөз сөйледі. Педагогикалық этика – бұл балақшадағы тәрбиешілер мен педагогикалық қызметкерлердің кәсіби қарым-қатынасындағы моралдық-этикалық нормалар мен принциптерді сақтау жүйесі. Балабақша директоры баяндамасын оқып түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

2-ші сұрақ бойынша әдіскер Смахулова Т. Ш. тақырыпты ашып, слайд-баяндамасымен сөз сөйледі.

3-ші сұрақта кәсіподақ тарапынан Ербалюкова М. А. баяндамасын оқыды.

Қорытынды: Бұдан әрі балабақшада педагогикалық әдепті сақтау үшін тұрақты жұмыстар жүргізілетін болады. Педагогтарды кәсіби этикалық нормаларды устануы балалардың дұрыс тәрбиеленуіне ж/е олардың эмоционалды дамуында маңызды рөл атқарады.

Бұл орайда барлық педагогтарға арнайы тренинг-тер мен семинарлар ұйымдастырылып, әдістемелік материалдар усынылатын болады.

Балабақша директоры: Космагамбетова Ш.
Хатшы: Кудайберген Н. М.

„Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі „Нұр" балабақшасы" педагогикалық әдеп кеңесінің №2 хаттамасы

Күні: 17.02.2024.

Қатысқаны: 6 педагог.

Күн тәртібінде:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.

Бірінші сұрақ бойынша әдіскер Смаҳулова Г. Ш. сөз алды:
— Балабақшада жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау өте маңызды. Бұл мәселе балалардың қуқығын қорғау мен олардың жеке өмірін құрметтеу тұрғысынан қарастырылады. Рұқсат алу. Балабақшадағы балалардың фотосуреттерін немесе бейнелерін жариялаудан бұрын ата-аналардан немесе заңды қамқоршылардан жазбаша рұқсат алу қажет. Бұл балалардың жеке өмірін қорғау мақсатында міндетті қадам болып табылады.
Баланың жеке өмірін қорғау: жеке фотосуреттер мен

бейнелерде балалардың жеке өмірі мен интимдік жағдайлары көрінбеуі тиіс. Олар тек қоғамдық іс-шаралар немесе оқу процестері кезінде түсірілуі қажет.

Фотосуреттер мен бейнелер тек қауіпсіз және рұқсат етілген алаңдарда, мысалы, жабық жиметтік топтарда немесе арнаты балабақша сайттарында жариялануы тиіс. Оларды қоғамдық желілерде жариялаудан аулақ болу қажет.

Бейнемазмұндарда баланың жеке мәліметтері, ата-аналары туралы ақпарат немесе басқа купия деректер жарияланбауы тиіс.

Бұл нормалар балабақша қызметкерлерінің, ата-аналардың және жалпы қоғамның балалардың қауіпсіздігі мен жеке өмірін қорғауға деген жауапкершілігін арттыради.

2. Екінші сұрақ бойынша тәрбиеші Ербалюкова М.А. сөз сөйледі

– Педагогикалық әдеп – педагогтың кәсіби қызметі барысында өзара құрмет, моральдық және этикалық нормаларды сақтауды талап ететін қундылықтар жүйесі. Бұл балабақшадағы педагогтың баламен және ата-анамен қарым-қатынасына әсер етеді. Педагог баланың тұлғасын, оның сезімдері мен пікірлерін құрметтеуге тиіс. Баланы тыңдап, оның ойларын және қажеттіліктерін ескерту өте маңызды. Балабақшадағы педагог жеке мәліметтер мен ақпаратты купия сақтауға міндетті. Бұл ата-аналардың, баланың жеке өмірін қорғауды қамтамасыз етеді. Педагог балаларға мейірімді, сабырлы әрі қолдау көрсетуі қажет. Баланың қателіктерін сынамай, дұрыс бағытта тәрбиелеу маңызды. Балабақшада педагог балалардың құқығын қорғауға және олардың қауіпсіз дігін қамтамасыз етуге жауапты. Барлық балаларға тең мүмкінді беру, ешкімді алалаусыз, бәріне бір-

коціл болу мацызды. Балалардың барлық іс-әрекеттері
әділ бағалануы тиіс.

Педагогикалық тактика – педагогтың балалармен
қарым-қатынас жасау және оқыту барысында
қолданатын әдіс-тәсілдері мен тәсілдер жиынтығы.
Бұл педагогтың тәжірибелік әрекеттері мен стратегия-
ларын білдіреді. Педагог балалармен ашық диалог
құрып, оларды сұрақтарға жауап беру, пікір білдіру
арқылы оқу процесіне тарту керек. Бұл баланың өзіндік
пікір қалыптастырунна ықпал етеді. Ір баланың
ерекшеліктерін ескере отырып, оқу мен тәрбиелеуде
жеке көзқарас қолдану мацызды. Баланың қажетті-
ліктері мен қызығушылықтарына сай әдіс-тәсілдер
таңдалады. Педагог балаларға шығармашылық
тапсырмалар мен ойлау қабілетін дамытуға бағытта-
ған іс-шаралар ұсынуы тиіс. Балаларды жақсы нәти-
ге жетуге ынталандыру үшін оқ мотивация әдістерін
қолдану керек. Баланың жетістіктері үшін мақтау
жеңістерін атап оту және ынталандыру арқылы
оның сенімділігін арттыру мацызды. Балаларды
тәрбиелеуде оқтайлы тәсілдер қолданылады. Мысалы,
балаларды ізгілікті, қайырымды болуға тәрбиелеу,
қоғамдастықтың бір болігі ретінде өзін сезінуге үйрету.
Педагогикалық әдеп пен педагогикалық тактика тығыз
байланысты. Әдеп балалармен қарым-қатынастың
негізін қаласа, тактика оны қарым-қатынасты жүзеге
асыру үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер болып табылады.

3. Үшінші сұрақ бойынша тәрбиеші Биманова Г.Б. сөз сөйледі:

— Педагогтың сөйлеу мәдениеті балабақшада оның кәсіби қызметінің негізгі компоненті болып табылады. Бұл педагогтың балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынасының сапасын анықтайды сондай-ак оқу-тәрбие процесінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Балабақшадағы педагогтың сөйлеу мәдениеті баланың тілдік дамуын, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруда және жағымды эмоционалды климат жасауда шешуші рөл атқарады. Педагогтың сөйлеу мәдениеті балалармен сенімді қарым-қатынас орнату ға ықпал етеді. Бұл қарым-қатынас баланың өзін жақсы сезінуіне, ашық болуына және оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Балабақшадағы педагогтар балаларға тілдік үлгі усынады. Педагогтың дұрыс, анық сөйлеуі, сөздік қордың бай болуы, грамматикалық ережелерді сақтау баланың тілдік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Балабақшадағы педагогтың сөйлеу стилі балалардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес өзгеріп отыруы тиіс. Мысалы, кіші жас топтарымен сөйлескенде қысқа және қарапайым сөздер қолданылса, үлкендер тобымен сөйлескенде күрделі және тереңірек ойлар мен сөздер қолданылуы мүмкін.

Педагогтың сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейде болуы балаларға үлгі болып табылады, олар өз кезегінде осы сөйлеу мәдениетінің үйреніп, өзара қарым-қатынастарында қолданылады.

Кеңес соңында тәрбиешілер бір-біріне жұмыс бары

сында кездескен жағдайлармен болісе отырды. Ата-аналармен әдеп сақтау қынылықтарын айтып өтті.

Қаулы:

1. Педагогтар жұмыс барысында педагогикалық әдеп, педагогикалық тактика, сөйлеу мәдениетін сақтану.

Балабақша директоры: Космагамбетова Ш.Т.

Хатшы: Бимашева Г.Б.

Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі „Нұр" балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы.

Доңгелек үстел тақырыбы: „Қуқықтық сауаттылық заман талабы" коучинг.

Доңгелек үстелге барлық педагогтар қатысты

Мақсаты: Педагогтардың қуқықтық сауаттылығын арттыру, қуқықтық мәдениетті қалыптастыру, кәсіби қызметте заң талаптарын сақтауға бағыттау

Коуч Смағұлова Г.Ш. қатысушылармен амандасып, коучинстің мақсатымен таныстырды. Қуқықтық сауаттылықтың мақсаты туралы қысқаша түсініктеме берілді. „Қуқық деген не?" атты сұрақ-жауап арқылы интерактивті талқылау ұйымдастырылды. ҚР „Білім туралы" Заңы мен Еңбек кодексінен мұғалімдерге қатысты мақызды баптарға шолу жасалды. Топтық жұмыс педагогтерге түрлі жағдаяттың тапсырмалар усынылып, заң тұрғысынан шешу жолдары талқыланды.

„Қуқықтық сауаттылық-кәсіби табыстың кепілі" тақырыбында

бейнежазба көрсетілік, талқылау жүргізілді.

Қорытынды болім: Коучинг қорытындыланып, қатысушылар өз ой-пікірлерімен болісті. „Мен бүгін не білдім?" кері байланыс парақшалары таратылды. Қатысушылар коучингтің мазмұнының өзектілігін атап өтіп, қуқықтық білімнің қажет екенін айтты. Кейбір педагогтар заң талаптарын бойынше дәңгелек үстел өткізуді ұсынды.

Шешім: 1. Педагогтар арасында қуқықтық сауаттылық арттыру мақсатында тұрақты түрде оқыту өткізу.

2. Білім беру ұйымының ішкі ереженері мен заңнамалық актілерді өзектілендіріп, танысу бұрышына орналастыру.

Балабақша директоры: [signature] Космагамбетова Ш.П.

Хатшы: [signature] Бимашева Г.Б.

„Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі „Нұр" балабақшасы" педагогикалық әдеп кеңесінің №3 хаттамасы.

Қаралатын мәселелер:

1. Педагогтардың қуқықтары
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.
3. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау

Мақсаты: Педагогтардың қуқықтары ҚР „Педагог мәртебесі туралы" Заңымен реттеледі. Бұл заң педагогтердің кәсіби қызметін жүзеге асыруына, олардың әлеуметтік қорғалуына және мәртебесіне байланысты қуқықтарын айқындайды. Толында педагогтардың негізгі қуқықтарына байланысты жүргізілген жұмыстар көрсетілді.

Бірінші сұрақ педагог құқықтары туралы тәрбиеші Избасарова А.А. сөз сөйледі. Педагогтар келесі құқықтарға ие 1. Кәсіби еркіндік: оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін таңдауға құқылы. 2. Қызметіне байланысты әдістемелік, ақпараттық және материалдық қолдау алуға. 3. Кәсіптік біліктілігін арттыру және қайта даярлықтан отуге. 4. Ар-намысын, кәсіби беделін және құқықтарын қорғауға 5. Жалақының уақытылы төленуіне, еңбек жағдайының қауіпсіздігі мен гигиенасына кепілдік берілсін. 6. Балалар мен ата-аналар тарапынан негізсіз араласудан қорғалуға. 7. Ғылыми, шығармашылық, зерттеу жұмыстарымен айналысуға және жетістіктерін жариялауға.

Міндеттемелері мен кепілдіктер: 1. Басшылық педагогтардың заңды құқықтарын сақтауға және бұзылған жағдайда шара қолдануға міндетті. 2. Әр педагог педагогикалық этиканы сақтауға және қызметтік міндеттерін адал орындауға тиіс. 3. Білім беру ұйымында педагогтардың мәртебесін көтеру және қоғамдағы орын нығайту бағытында туракты жұмыстар жүргізілсін.

Екінші сұрақ бойынша тәрбиеші Ербалюкова М.А. „Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп және этикалық нормалары туралы" слайд-баяндамасын оқыту.

Көпшілік ортадағы әдеп қағидалары: Педагог өзінің сөзінде, жүріс-тұрысында сыпайылық пен мәдениеттілік танытады. Көпшілік іс-шараларда (жиналыс, қоғамдық, әлеуметтік желілер, БАҚ, т.б) кәсіби әдепті, бейтараптықты және әділеттілікті сақтайды. Мемлекеттік рәміздерге, ұлттық және отбасылық құндылықтарын құрметпен қарайды. Қоғамда, әсіресе оқушылар мен ата-аналардың көзінше дөрекі сөйлеуге, бейәдеп сөз қолдануға жол беріллейді.

Педагог оз қызметінен тыс ортада да өзінің кәсіби бейнесін сақтауға міндетті. Әлеуметтік желілердегі парақшаларында педагог мәртебесіне сай келмейтін мазмундағы (қоғамға жат, заңсыз немесе бейәдеп) жарияланымдарға жол беріммеуі тиіс.

Педагогтің әлеуметтік жауапкершілігі: Педагог оз сөзі мен әрекеті арқылы жастар арасында жоғары мәдениеттілік пен адамгершілікке үлгі болуы тиіс. Әріптерімен және қоғам мүшелерімен қарым-қатынасында сыйластық пен әділдікті көрсете білуі. Өзгелердің көзқарасына төзімділік таныту, пікір алмасуда мәдениетті болу. Ата-аналармен және басқа азаматтармен қарым-қатынаста сыпайы, тыңдауға дайын, сабырлы болу. Жағымсыз эмоцияларды көрсетуден, дау-дамай туғызудан, қорлайтын сөздер қолданудан аулақ болу.

Үшінші сұрақ бойынша әдіскер Смағұлова Г.Ш. оз баян дамасын оқыды.

– Педагогикалық әдепті қамтамасыз етудің негізгі қағидалары: Баланың ар-намысын құрметтеу (әр баланың жеке ерекшелігін ескеру, қорлауға, кемсітуге, айқайлауға жол бермеу), Кәсіби қарым-қатынаста сыпайылық сақтау (әріптестермен және ата-аналармен өзара сыйластықта болу, жақсы ниетті диалог жүргізу) Әділдік пен бейтараптық (балаларды салыстырмау, қайшылықты жағдайларда объектиьті шешім қабылдау). Педагог беделін сақтау (мәдениетті сөйлеу, уқыпты киіну, мінез құлық үлгісін көрсету). Құпиялықты сақтау (балалар мен ата-аналар туралы жеке ақпаратты жария етпеу)

Қаулы:

1. Педагогтардың құқықтарын сақтау мен қорғау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу.
2. Кәпшілік ортада педагогикалық этиканы сақтау бойынша тәрбиешілер арасында тұрақты әңгімелер мен семинарлар ұйымдастыру.
3. Балабақша ұжымында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәдениетін қалыптастыру.

Кеңес торайымы: Космагамбетова Ш. Т.

Хатшы: Бимашева Г. Б.